

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
акционерлерінің жылдық жалпы
жиналысының шешімімен

(2025 жылдың 29 мамырындағы № 42
хаттама)

б е к і т і л г е н

"Қазақстан қор биржасы" АҚ корпоративтік басқару КОДЕКСІ

АЛҒЫСӨЗ

Құрметті әріптестер мен серіктестер,

Корпоративтік басқару қағидаттары 17 жылдан астам уақыт бойы KASE қызметінде табысты қолданылып келеді және KASE-нің барлық акционерлер топтары үшін құндылығын және басқа да пайдасын барынша арттыру үшін жауапкершіліктің, есептіліктің және тиімділіктің тиісті деңгейімен KASE-ні басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

KASE Қазақстанның биржалық нарығының тартымдылығын арттыру мақсатында өз қызметінің стандарттарын жетілдіреді және корпоративтік басқару және ақпараттық ашықтық мәселелері бойынша оның басқа қатысушылары үшін үлгі болуға тырысады.

KASE корпоративтік басқару қағидаттары мен үздік тәжірибелерін ұстанудың оның табысты дамуының маңызды шарты екенін мойындайды.

KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары орнықты дамуды қолдайды" бастамасына қатысушы.

KASE БҰҰ-ның "Тұрақты биржалар" бастамасына қосылған әлем бойынша ондаған биржалардың бірі бола отырып, қазақстандық биржалық нарықта ESG күн тәртібін дәйекті түрде ілгерілетуде. Биржа ESG-қаржыландыруды, оның ішінде қоршаған ортаға әсерді азайтуға және ең озық қолжетімді технологияларды енгізуге бағытталған жобаларды қаржыландыру үшін бағалы қағаздарды шығару мен орналастыруды белсенді дамыта отырып, "жасыл" және циклдік экономиканы қалыптастыруға қатысады.

KASE Директорлар кеңесінің атынан корпоративтік басқару қағидаттарын қайта қарау процесіне елеулі үлес қосқан барлық тұлғаға шынайы алғысымды білдіремін. KASE Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне жоғары кәсібилігі, белсенді ұстанымы және Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және орнықты даму идеяларын ілгерілетуде баға жетпес қолдауы үшін ерекше ризашылық білдіреді.

***Директорлар кеңесінің төрағасы
Алия Мейрбековна Молдабекова***

KASE ТУРАЛЫ

"Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Биржа/KASE¹) – Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздармен, туынды қаржы құралдарымен, шетел валютасымен, сондай-ақ ақша нарығының өзге де құралдарымен сауда-саттық жасау жөніндегі бірыңғай көп функционалды биржалық алаң. KASE құрамына ұйымдастырылған нарықта KASE нарықтарында орталық контрагенттің клиринг қызметтерін, есеп айырысулары мен функцияларын көрсетуді қамтамасыз ететін Биржаның бақылауындағы "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамы кіретін KASE тобының бас компаниясы болып табылады.

KASE негізгі миссиясы отандық эмитенттердің қаржы тартуы үшін құралдардың кең спектрін қамтамасыз ету, қаржы жүйесіндегі өтімділікті қайта бөлу үшін платформаны қамтамасыз ету және жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін ашық инвестициялық орта ұсыну арқылы Қазақстан Республикасының экономикалық өсуіне жәрдемдесу болып табылады.

KASE-нің көбінесе оның акционерлері болып табылатын Биржаның кәсіби қатысушылары – мүшелерімен тарихи қалыптасқан серіктестігі Биржаның коммерциялық компания ретіндегі мүдделері мен оның қызметтерін тұтынушылар арасында өзара тиімді теңгерім табуға мүмкіндік береді.

KASE бірегейлігі сол, оның бір жағынан, акциялары еркін айналыста болатын және ұйымдастырылған нарықта айналысқа түсуі мүмкін жария компания болып табылса, ал екінші жағынан – қор нарығы мен бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының негізгі элементі, эмитенттерге листингілік талаптар мен критерийлерді жасау және қолдану арқылы корпоративтік басқаруды жетілдіруде түйінді рөл атқарады, Қазақстан Республикасының қор нарығы саласындағы қағидалардың сапасын қамтамасыз етеді.

KASE Корпоративтік басқару кодексінің бірінші нұсқасын 2008 жылы KASE акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдады. Оның қағидалары әлі күнге дейін корпоративтік басқаруды дамытудың негізгі құралы және KASE-нің табысты жұмыс істеуі үшін қажетті шарт болып табылады және Биржаның корпоративтік қатынастарының әрбір қатысушысын өз мінез-құлқын кәсібилік, адалдық, әділдік, транспаренттілік, ақ ниеттілік, құзыреттілік және жауапкершілік негізінде құруға шақырады.

¹ Ұлттық валюта – теңге енгізілгеннен кейін 1993 жылғы 17 қарашада ұлттық валюта нарығын ұйымдастыру және дамыту үшін Қазақстан банкаралық валюта биржасы құрылды, ол бірнеше жылдан кейін Қазақстан қор биржасы болып қайта аталды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Кодекс акционерлер, Директорлар кеңесі, Басқарма және Биржаның мүдделі тұлғалары арасындағы корпоративтік қатынастарды, Биржа органдарының жұмыс істеу және KASE тобы ішінде шешімдер қабылдау тәртібін қоса алғанда, KASE басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен қағидаттарды анықтайды.
2. Осы Кодекс жария құжат болып табылады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келеді, уәкілетті органның ұсынымдарына, Үлгілік кодекске сәйкес, G20/ЭЫДҰ корпоративтік басқару қағидаттарын (2015), корпоративтік басқарудың қазақстандық және халықаралық практикаларын ескере отырып әзірленді және Биржаның корпоративтік басқару жүйесін корпоративтік басқару саласындағы жоғары стандарттарға сәйкес келетін процедуралармен толықтырады.
3. Корпоративтік басқару стандарттарын қолданудың негізгі мақсаттары KASE акционерлерінің мүдделерін қорғау, негізгі мүдделі тараптар мүдделерінің ақылға қонымды теңгерімін сақтай отырып, KASE құнын ұзақмерзімді тұрақты дамыту және өсіру, акционерлер ұсынған қаражаттың сақталуын қамтамасыз етудің және тәуекелдерді тиімді басқаруға негізделген оларды пайдаланудың пәрменді жүйесін құру болып табылады.
4. Биржаны корпоративтік басқарудың негізгі міндеттері:
 - 1) Биржаның табысты қызметін және нарықтық құнының өсуін қамтамасыз ету, оның қаржылық тұрақтылығы мен пайдалылығын қолдау;
 - 2) Биржаның қазіргі және әлеуетті акционерлері үшін Биржа акцияларының инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету;
 - 3) Қазақстан Республикасының экономикасындағы Биржаның бірегейлігі мен маңыздылығын ескере отырып, қоғамда Биржаның жоғары беделін қамтамасыз ету болып табылады.
5. Бұл ретте осы Кодекстің қағидаларынан ауытқу KASE алдында тұрған тәуекелдердің мәртебесін, даму кезеңін, сондай-ақ сипатын ескере отырып, белгілі бір мән-жайларда ақталуы мүмкін. Осы Кодекстің қағидаларынан бас тартуға тиісті мән-жайларды мұқият талдағаннан және мұндай жол берілетін бас тартуды Директорлар кеңесі қарағаннан кейін ғана жол беріледі. Мәжбүрлі шегініс болған жағдайда Биржа KASE жылдық есебінде ақпаратты көрсетеді және қағидалардың әрқайсысын сақтамау себептері туралы түсіндірмелерді қамтиды.
6. KASE бақылауындағы "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамы өз қызметін осы Кодексте белгіленген корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес жүзеге асырады, бұл ретте оның қызметінің ерекшеліктері ескеріле отырып әзірленген өзінің Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.
7. Биржа корпоративтік басқару тәжірибесі тұрақты дамуға және жетілдіруге ұшырайтынын растайды. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, корпоративтік басқарудың қазақстандық және халықаралық практикасын ескере отырып, осы Кодексті ұдайы қайта қарайтын болады.
8. Осы Кодекстің орындалуын бақылау KASE Директорлар кеңесіне жүктеледі. KASE корпоративтік хатшысы осы Кодекстің орындалуына мониторинг жүргізеді және Директорлар кеңесі мен Басқармаға осы Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша кеңес береді, сондай-ақ жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен қағидаларының сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындайды және осы есепті Директорлар кеңесінің қарауына шығарады.
9. Осы Кодексте мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады, өзге де терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның Жарғысында және Биржаның ішкі құжаттарында пайдаланылатын мағынада қолданылады:
 - 1) **корпоративтік басқару** – Биржаның қызметіне стратегиялық басшылықты, басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін және акционерлер, Директорлар кеңесі, Басқарма, Биржаның өзге де органдары мен мүдделі тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін қамтитын процестердің жиынтығы. Корпоративтік басқару жүйесі өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөлуді ұйымдастыруға, корпоративтік шешімдер қабылдау процесін құруға, сондай-ақ Биржа басшылығының қызметін бақылауға мүмкіндік береді;

- 2) **корпоративтік оқиғалар** – "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының заңында анықталған, бағалы қағаздарды ұстаушылардың және эмитент инвесторларының мүдделерін қозғайтын, эмитенттің қызметіне елеулі әсер ететін оқиғалар;
- 3) **корпоративтік жанжал** – Биржа акционерлері мен органдары; Директорлар кеңесінің және атқарушы органның мүшелері арасындағы, құрылымдық бөлімшелер арасындағы келіспеушіліктер немесе дау;
- 4) **мүдделі тараптар** – акционерлерді, инвесторларды, жұмыскерлерді, клиенттерді, көрсетілетін қызметтерді жеткізушілерді, уәкілетті органды және басқа да мемлекеттік органдарды қоса алғанда, Биржамен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;
- 5) **ақпаратты ашып көрсету ережелері** – Қаржы ұйымы ретінде Биржаға арналған экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару критерийлері (ESG) бойынша ақпаратты ашып көрсету жөніндегі нұсқау²;
- 6) **үлгілік кодекс** – "Атамекен" Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасы Төралқасының 2021 жылдың 27 сәуіріндегі № 4 шешімімен мақұлданған Қазақстан Республикасының Корпоративтік басқару кодексі;
- 7) **ESG (Environmental, Social, Governance)** – инвестициялық шешімдерді қабылдау процесінде қаржылық факторлармен қатар экологиялық, әлеуметтік және басқару факторларын есепке алу;
- 8) **ҚЕХС** – Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары;
- 9) **ЭЫДҰ** – Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы;
- 10) **негізгі жұмыскерлер** – стратегиялық шешімдерге, операциялық қызметке және тәуекелдерді басқаруға елеулі әсер етуді көздейтін лауазымдарды атқаратын, оның ішінде атқарушы органның мүшелері, түйінді құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ бірегей құзыреті бар өзге де жұмыскерлер.

2-тарау. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

1-бап. Биржаның корпоративтік басқару қағидаттары

1. Корпоративтік басқару қағидаттары – бұл барлық мүдделі тараптардың мүдделері үшін корпоративтік басқару жүйесінің жұмыс істеуі және оны жетілдіру процесінде Биржа басшылыққа алатын KASE тобын тиімді және жауапты басқаруға бағытталған негізгі нормалар мен тәсілдер.
2. KASE тобын корпоративтік басқару әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, айқындық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады және Биржа қызметінің тиімділігінің өсуіне, оның ішінде оның активтерінің өсуіне қол жеткізуге, Биржаның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға бағытталған.
3. KASE корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:
 - 1) корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы үшін негіздерді қамтамасыз ету;
 - 2) акционерлердің құқықтарын қорғауды, барлық акционерлерге тең қарым-қатынасты, меншіктің түйінді функцияларын қамтамасыз ету;
 - 3) ақпаратты ашып көрсету және ашықтық;
 - 4) Биржаны оның акционерлерінің жалпы жиналысында, Директорлар кеңесінде және Басқармада тиімді басқару; Директорлар кеңесінің міндеттері;
 - 5) орнықтылық және тіршілікке қабілеттілік;

² "Банктер мен басқа да қаржы ұйымдары үшін экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару саласындағы ақпаратты ашып көрсету жөніндегі нұсқаулықты (Environmental, Social and Corporate Governance, ESG) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының 2023 жылдың 28 сәуіріндегі № 291 бұйрығы.

- 6) корпоративтік басқару жүйесінде Қазақстан Республикасы қаржы нарығының кәсіби қатысушыларының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

2-бап.

Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы үшін негіздерді қамтамасыз ету

1. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы үшін негізді қамтамасыз ету қағидаты – Биржаның қор нарығы мен бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының негізгі элементі ретінде:
 - 1) листингтік талаптарды және эмитенттерге қойылатын критерийлерді белгілеу, сондай-ақ ақпаратты, оның ішінде корпоративтік басқару кодексі мен жылдық есептерді ашу арқылы листингтік компанияларды корпоративтік басқаруды жетілдіруде елеулі рөл атқарады;
 - 2) компаниялардың орнықты дамуына ықпал етеді және ESG (экология, басқарудың әлеуметтік жауапкершілігі) стандарттарын енгізе отырып, капиталдың ашық нарықтарын қалыптастырады – қаржылық емес есептерді, ESG-рейтингтер мен индекстерді ашу, ұзақмерзімді инвестицияларды қолдау;
 - 3) қор нарығы саласындағы стандарттарды белгілеу, қадағалау мен құқық қолдануды жүзеге асыру және корпоративтік басқару туралы ережелер мақсатында реттеуші органдармен өзара іс-қимыл жасайды;
 - 4) ақпарат алмасу үшін, оның ішінде корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелері бойынша басқа қор биржаларымен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қатысады;
 - 5) ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын қосымша талаптарды белгілейді және листингтік талаптар мен өлшемдердің сақталуына мониторингті жүзеге асырады;
 - 6) тиісті халықаралық стандарттарды қолдана отырып, өз қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.
2. Осы негіз қалаушы қағидатты басшылыққа ала отырып, KASE мынадай міндеттерді жүзеге асыру арқылы барлық мүдделі тараптардың: Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі, Басқармасы және корпоративтік қатынастардың басқа да қатысушылары мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ететін нақты, ашық және тұрақты басқару жүйесін белгілеу үшін шаралар қабылдайды:
 - 1) дау-жанжалдар қатерін азайту және тиімді басқаруға ықпал ету үшін Биржаның органдары: акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы өкілеттіктердің аражігін нақты ажыратуды белгілеу;
 - 2) Директорлар кеңесінің сандық құрамына стратегиялық бақылау, менеджмент қызметін бағалау, IT-өнімдер және киберқауіпсіздік мәселелері бойынша құзыреттер үшін тәжірибесі мен біліктілігі бар тәуелсіз директорлардың жеткілікті санын енгізу;
 - 3) акционерлердің барлық санаттарының ашықтығын және құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін ішкі аудиттің, ішкі бақылаудың және тәуекелдерді басқарудың тиімді тетіктерін енгізу;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін және активтерді, еншілес құрылымдарды және инвесторлармен байланысты сенімді басқаруды қолдайтын айқын құрылым қалыптастыру;
 - 5) акционерлермен кері байланыс тетіктерін, басқаруға қатысу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету және олардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.

3-бап.

Акционерлердің құқықтарын қорғауды, барлық акционерлерге тең қарым-қатынасты, меншіктің түйінді функцияларын қамтамасыз ету

1. Акционерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету қағидаты, барлық акционерлерге тең қарым-қатынас және меншіктің түйінді функциялары Биржаның:
 - 1) егер тек бұл құқықтар қолданылатын заңнамаға, шарттық қатынастарға немесе Биржа акционерлерінің біржақты міндеттемелеріне сәйкес шектелмесе, өз акционерлерінің Биржа акцияларына қатысты меншік құқықтарын жүзеге асыруына кедергі келтірмеуімен;
 - 2) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы ақпаратты Биржа акционерлерінің назарына жеткізуге, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға тиісті түрде дайындалуға, Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған көлемде және тәртіппен акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар тұлғалардың тізімімен танысуға мүмкіндік беретін акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібін сақтауымен;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржа Жарғысына, осы Кодекске, акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес Биржаның тиісті органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға өз акционерлерінің толыққанды қатысуын қамтамасыз етуімен, сондай-ақ өз акционерлеріне олар бойынша шешімдер қабылданғанға дейін осы мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік беруімен;
 - 4) акционерлерге Дивидендтік саясатта көзделген мынадай шаралар арқылы Биржаның таза кірісін бөлуге (дивидендтерді бөлуге) нақты қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етуімен:
 - дивидендтердің мөлшерін және оларды төлеу тәртібін анықтаудың акционерлерге ашық және түсінікті тетігін белгілеу;
 - акционерлерде дивидендтер төлеу үшін шарттардың бар екендігі туралы нақты ұсынысты қалыптастыру үшін Биржаның қаржылық нәтижелері жөніндегі ақпаратты ұсыну;
 - акционерлерге Биржаның қаржылық есептілігіне және KASE тобының жылдық есептеріне қол жеткізу мүмкіндігін беру;
 - Биржаның акционерлеріне оның акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған шешімді ескере отырып, дивидендтерді уақтылы және толық төлеу;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа Жарғысында белгіленген тәртіппен Биржа өз акционерлерінің назарына Биржа акционерлерінің қаржылық жағдайына, экономикалық көрсеткіштеріне, қызметінің нәтижелеріне, Биржаны басқару құрылымына қатысты мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты Биржа акционерлерінің:
 - акционерлерде күн тәртібінің мәселелері бойынша дұрыс түсінік әзірлеу мақсатында акционерлердің жалпы жиналыстарын дайындау кезінде күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша акционерлерге егжей-тегжейлі ақпарат беру;
 - акционерлерге ұсынылатын жылдық есепке Биржаның бір жылғы қызметінің қорытындыларын бағалауға мүмкіндік беретін қажетті ақпаратты енгізу;
 - акционерлердің назарына міндетті түрде жеткізілуге тиіс ақпаратты ашып көрсету жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;
 - Биржа акционерлерінің өздерін қызықтыратын ақпаратты алуының бірыңғай, нақты және қолжетімді тәртібін белгілеу;

- құпия ақпаратты, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия затты құрайтын ақпаратты пайдалану және ұсыну бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Биржаның ішкі құжаттары талаптарының орындалуын бақылау жолымен негізделген шешімдер қабылдауы үшін жеткізуімен;
- 6) өзінің барлық акционерлеріне әділ және тең қарым-қатынасты:
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржа Жарғысында және осы Кодексте белгіленген тәртіппен акционерлердің жалпы жиналыстарында шешімдер қабылдау арқылы барлық акционерлердің Биржаны басқаруға қатысуы үшін қажетті жағдайлар жасау;
 - акционерлердің жалпы жиналыстарына қатысатын акционерлерге өз пікірін білдіруге және өздерін қызықтыратын сұрақтар қоюға тең мүмкіндік беру;
 - Биржаның барлық акционерлерінің ақпаратқа тең қол жеткізуін қамтамасыз ету және барлық акционерлерге ақпарат берудің бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету;
 - мұндай тұлғаларға қатысты барлық акционерлерге қажетті ақпарат беруді көздейтін Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлаудың ашық процедурасын белгілеу;
 - егер мұндай жанжал Биржаның мүдделерін қозғайтын болса, Биржаның органдары мен оның акционерлері арасындағы, сондай-ақ акционерлер арасындағы жанжалдарды реттеу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдау жолымен қамтамасыз етуімен;
- 7) Биржа Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсыну, Биржа Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру тәртібін мүлтіксіз сақтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа Жарғысында белгіленген шарттарды сақтауымен түсіндіріледі, бұл ең алдымен Биржаны басқаруға қатысу құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін кепіл болып табылады.
- 2. Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидатын қамтамасыз етудің тәртібі мен тетіктері Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржа Жарғысымен белгіленген.

4-бап.

Ақпаратты ашып көрсету және айқындық

1. Ақпаратты ашып көрсету және айқындық қағидаты Биржаның қызметі туралы ақпаратты оны Биржаның интернет-ресурсында орналастыру жолымен оның ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл қағидаттың негізгі аспектілері:
 - 1) халықаралық стандарттарды (IFRS/ҚEXC) ескере отырып, жылдық қаржылық есептілікті қоса алғанда, қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, Биржаны басқару қызметі мен құрылымының нәтижелерін уақтылы ашуды;
 - 2) меншік құрылымы, тәуекелдерді басқару жүйесі туралы ақпаратты ашып көрсетуді;
 - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және акционерлердің назарына міндетті түрде жеткізілуге тиіс ақпаратты ашып көрсету ережелерін қатаң сақтауды;
 - 4) шешімдер қабылдау процесінде ашықтық және басқарудағы өзгерістер, стратегия және дивидендтік саясат сияқты түйінді шешімдер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің шешімдерін жариялауды;
 - 5) Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Биржаның тәуелсіз директорлары туралы, олардың біліктілігі, жұмыс тәжірибесі, басқа

компаниялардағы директорлар кеңестеріндегі мүшелігі туралы ақпаратты қоса алғанда, ақпаратты жария етуді;

- б) акционерлер үшін ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етуді қамтиды.
2. Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудің айқындығы, уақытылығы және объективтілігі қағидаты Биржаның Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржа Жарғысына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзі және өз қызметі туралы ақпаратты:
 - 1) Биржаның акционерлері мен қаржы нарығының басқа да субъектілері тарапынан оған деген сенімді нығайту;
 - 2) Биржаның акцияларын сатып алу және ұстап қалу туралы инвестициялық шешімдер қабылдауға жәрдемдесуді;
 - 3) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы мен Биржа Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдау кезінде барынша негізділікті қамтамасыз ету;
 - 4) Биржаны басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ашуымен түсіндіріледі.
3. Биржа өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты ашады, сондай-ақ Биржа Жарғысында белгіленген тәртіппен оның акционерлерінің сұрау салуларына уақытылы және толық көлемде жауап береді.
4. Биржа өз қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты ашады және сонымен бір мезгілде коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етудің қатаң және сенімді тетіктерін пайдаланады.
5. Биржаның қаржылық есептілігін жүргізу және оның аудиті оның акционерлері тарапынан Биржаға деген сенімді қамтамасыз етуге бағытталған және мынадай қағидаттармен құрылады:
 - 1) толықтық және дұрыстық;
 - 2) бейтараптық және тәуелсіздік;
 - 3) кәсібилік және құзыреттілік;
 - 4) тұрақтылық және тиімділік.
6. Биржа Басқармасы Биржа беретін қаржылық ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы үшін жауапты болады.
7. Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету туралы қосымша мәліметтер осы Кодекстің 22-бабында келтірілген.

5-бап.

Биржаны оның акционерлерінің жалпы жиналысының, Биржаның Директорлар кеңесінің және Биржа Басқармасының тиімді басқаруы

1. Акционерлердің жалпы жиналысының, Директорлар кеңесінің және Басқарманың Биржаны тиімді басқару қағидаты корпоративтік басқарудың танылған халықаралық стандарттарына негізделеді және мынадай түйінді ережелерді қамтиды:
 - 1) өз құзыреті шеңберінде функциялардың қайталануына жол бермеу және әрбір органның есеп беруін қамтамасыз ету мақсатында Басқарма мен Директорлар кеңесін қоса алғанда, басқару процесіне әрбір қатысушының міндеттері мен өкілеттіктерін анықтау;
 - 2) акционерлердің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі мен Басқарма арасында стратегиялық келісімділікке және операциялық тиімділікке ықпал ететін тетіктер негізінде тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
 - 3) шешім қабылдау процестерінде ашықтықты қамтамасыз ету;

- 4) өз қызметінің нәтижелері, қабылданған шешімдер мен қол жеткізілген мақсаттар туралы үнемі есеп беру міндетін қоса алғанда, Директорлар кеңесінің акционерлердің жалпы жиналысына есеп беруі;
 - 5) мүдделі тараптар тарапынан оларды салыстыру және талдау мүмкіндігімен Биржа қызметінің түйінді көрсеткіштері бойынша есептілікті жүргізу;
 - 6) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз ету;
 - 7) акционерлердің жалпы жиналыстарында талқылаулар мен дауыс беруге акционерлердің белсенді қатысуы үшін жағдайлар жасау;
 - 8) дауыс беру процедураларын оңайлату және корпоративтік басқаруға қатысушылардың қажетті және дәйекті ақпаратқа тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;
 - 9) қолданыстағы халықаралық ұсынымдар мен стандарттарға сәйкестік мониторингін қоса алғанда, корпоративтік басқару практикасын ұдайы қайта қарау және жетілдіру;
 - 10) алынған нәтижелер негізінде басқару процестерін бейімдеу және жақсарту;
 - 11) Директорлар кеңесі мен Басқарма қызметіне тиімді бақылау орнату жөнінде шаралар қабылдау және Басқарманың Директорлар кеңесі алдында және Директорлар кеңесінің акционерлердің жалпы жиналысы алдында есеп беру тәртібін белгілеу жолымен Директорлар кеңесі мен Басқарма жұмысының тиімділігін бағалау;
 - 12) Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің процедуралық мәселелерді нақты регламенттей отырып, олардың органдарының отырыстарына белсенді қатысуын қамтамасыз ететін тәртіпті белгілеу;
 - 13) Биржа органдарының өз құзыреті шегінде акционерлер үшін ұзақмерзімді құн жасауға бағытталған шешімдер қабылдауы және басқару процесінде олардың мүдделерін ескеруі;
 - 14) функцияларына Директорлар кеңесі бекітетін комитеттер туралы қағидаға сәйкес Директорлар кеңесіне ұсынымдар беретін бюджеттік және стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, кадрлар мен сыйақылар, ішкі аудит, әлеуметтік және өзге де мәселелер мәселелерін қарау кіретін Директорлар кеңесінің комитеттерін құру;
 - 15) шешімдер қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау.
2. Акционерлердің жалпы жиналысының Биржаны тиімді басқару қағидаты Биржаның:
- 1) жыл сайын оның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және өткен қаржы жылындағы оның таза кірісін (пайдасын) бөлу тәртібін бекіту, Биржаның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы мәселе бойынша шешімдер қабылдау, Биржаның бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту мақсатында Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналыстарын шақыруымен және өткізуімен;
 - 2) Биржаның Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау мақсатында Биржаның акционерлерінің жалпы жиналыстарын ұдайы шақыруымен және өткізуімен;
 - 3) қажеттілігіне қарай ұтымдылық, жеделділік және тиімділік пайымдауларын негізге ала отырып, Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыруымен және өткізуімен;
 - 4) басқаруға қатысу құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін Биржаның елеулі шешімдері, қаржылық нәтижелері және стратегиялық даму бағыттары туралы акционерлерді уақытылы және толық хабардар етуді қамтамасыз етуімен түсіндіріледі.

3. Директорлар кеңесінің Биржаны тиімді басқару қағидаты:
 - 1) Директорлар кеңесінің қызметі Биржа акционерлерінің мүдделерін барынша сақтау негізінде құрылуымен және Биржа қызметінің тиімділігін және оның нарықтық құнын арттыруға бағытталуымен;
 - 2) Директорлар кеңесі Биржа қол жеткізген нәтижелерге және оның одан әрі даму перспективаларына сараланған және нақты бағалауды оның ағымдағы қызметіне объективті мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асыруымен және оның акционерлерінің Биржа акцияларына және Биржа активтеріне инвестицияларын сақтау мақсатында Биржа қызметіне ішкі бақылаудың сенімді жүйесін қолдауды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуімен;
 - 3) Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуімен, корпоративтік қатынастардағы мүдделер қақтығыстарын реттеуге қатысуымен;
 - 4) Директорлар кеңесі өз қызметінің Биржа акционерлері алдында ашықтығын қамтамасыз етуімен;
 - 5) Директорлар кеңесі үнемі және қажеттілігіне қарай Басқармадан Биржаның қаржылық жай-күйі туралы есептерді сұратуымен және өз өкілеттіктері шеңберінде қажетті шешімдер қабылдауымен;
 - 6) Директорлар кеңесі Басқарма өзіне жүктеген функцияларды неғұрлым тиімді жүзеге асыру мақсатында Басқарма қызметін бақылау жүйесінің жұмыс істеуін, оның ішінде Биржа Басқармасының оны дамыту стратегиясының қағидаларын орындауын қамтамасыз етуімен;
 - 7) Директорлар кеңесі оның шеңберінде Директорлар кеңесі жұмыс істейтін корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауымен және қажеттілігіне қарай оны өзектендіруімен түсіндіріледі.
4. Биржаның Директорлар кеңесінің құрамында Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
5. Биржа "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы заңының базалық нормаларына негізделген тәуелсіз директорлар тәуелсіздігінің өзіндік критерийлерін Биржа тәуелсіз директорының негізгі сипаты оның Биржаның, оның Басқармасының және мемлекеттің ірі акционерлерінен тәуелсіздігі болып табылатындығын негізге ала отырып белгілейді.
6. Биржаның Директорлар кеңесінің және оның жекелеген мүшелерінің қызметін бағалау және Биржаның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесі Биржаның және оның барлық акционерлерінің мүдделері үшін олардың жұмысын ынталандыруға тиіс.
7. Биржаның Директорлар кеңесі өз қызметін бағалау тетігін әзірлейді және Биржа Басқармасының қызметін бағалаудың әдістері мен өлшемдерін ұдайы жетілдіреді, сондай-ақ Биржа Басқармасының және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметтердің қызметін бақылауды жүзеге асырады.
8. Биржаның Директорлар кеңесінің мүшесі қызметіне кіріскен кезде өз міндеттерін адал және тиісінше орындау жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдайды.
9. Биржаны Директорлар кеңесінің басқаруы және оның Биржаның қызметін бақылау туралы жекелеген мәліметтер осы Кодекстің 3-тарауында келтірілген.
10. Оның Басқармасы Биржаны тиімді басқару қағидаты Басқарманың:
 - 1) Биржаны ағымдағы басқаруды және Биржаның стратегиялық міндеттеріне сәйкес келетін оның күнделікті қызметін бақылауды жүзеге асыруымен;
 - 2) өз қызметін Биржа акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін барынша сақтау негізінде жүзеге асыруымен;

- 3) тәуелсіз аудит жүргізуді қоса алғанда, Биржаның бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуімен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыруды және Биржа қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін қамтамасыз етуімен;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін белгіленген мерзімде орындауымен;
- 5) Басқарма мүшелері мен өзге де жұмыскерлер, сондай-ақ Биржаның құрылымдық бөлімшелері мүдделерінің әлеуетті қақтығыстарын бақылауымен және олардың алдын алуымен;
- 6) негізгі жұмыскерлерді іріктеуді жүзеге асыруымен, олардың қызметін бақылауымен, қажет болған жағдайда олардың ротациясын жүргізуімен, кадрлық жаңартуды жоспарлауды қадағалауымен, Биржа жұмыскерлерінің біліктілігін және Биржа қызметінің нәтижелеріне нақты үлесін ескере отырып, олардың еңбекақысын қайта қарауымен, Биржаның негізгі жұмыскерлерін басшы лауазымдарға ұсыну процесінде белгіленген ережелер мен айқындықтың сақталуын қамтамасыз етуімен;
- 7) шеңберінде Биржа Басқармасы жұмыс істейтін корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауымен және қажеттілігіне қарай оған өзгерістер енгізуімен;
- 8) инсайдерлік ақпаратты, қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны ашу және тарату процесін бақылауымен түсіндіріледі.

6-бап.

Орнықтылық пен тіршілікке қабілеттілік қағидаты

1. Биржаның орнықты дамуына қол жеткізу үшін корпоративтік басқару мыналарға бағдарлануға тиіс:
 - 1) жауапкершілік қағидаттарын сақтаған кезде пайда алудан көрінетін ұзақмерзімді қаржылық тұрақтылық;
 - 2) айналасындағылардың мүдделерін назарға алуға бағытталған әлеуметтік жауапкершілік;
 - 3) ресурстарды ұтымды пайдалануға байланысты экологиялық орнықтылық және қоршаған ортаға әсерді барынша азайту жөнінде шаралар қабылдау;
 - 4) орнықты даму қағидаттарын бизнес-стратегияға және операциялық процестерге енгізу.
2. Биржаның органдары өз қызметін жүзеге асыру барысында Биржаның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мүдделері арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге міндетті.
3. Орнықты даму Биржаның стратегиясының ажырамас бөлігі ретінде:
 - 1) Биржаның ұзақмерзімді стратегиялық мақсаттарына экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық (ESG) факторларды енгізуді;
 - 2) стратегиялық шешімдер қабылдау үшін негізгі элементтер ретінде экологиялық тәуекелдерді, әлеуметтік әсерді және басқаруды бағалауды;
 - 3) акционерлердің ғана емес, жұмыскерлер мен клиенттерді қоса алғанда, барлық мүдделі тараптардың ұзақмерзімді мүдделеріне сәйкес келетін шешім қабылдауды қамтуы тиіс.
4. Биржа қызметтің үздіксіздігін басқарудың қағидаттары мен халықаралық стандарттарын ұстанады. Қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесінің болуының маңыздылығын ескере отырып, Биржа қажетті жағдайларды анықтай отырып және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін тиімді дамыту үшін қажетті ресурстарды бере отырып, өз қызметін басқарады.

5. Директорлар кеңесі қызметтің үздіксіздігін басқару саласындағы саясатты бекітеді.
6. Басқарма қызметтің үздіксіздігін басқару саласындағы саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді және қызметтің түйінді бағыттарын қалпына келтіру жоспарларын әзірлеу және іске асыру жолымен қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін ұйымдастырады.
7. Қызметтің үздіксіздігін тиімді басқару және қызметтің аса маңызды түрлерінің тізбесін анықтау мақсатында Биржа қызметке ықпалын талдауды және бизнес-процестерді тоқтату тәуекелдерін талдауды және бағалауды жүргізеді.
8. Биржаны корпоративтік басқару Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қатаң сақтауға жәрдемдеседі.
9. Биржаның кадр саясатының басымдықтарының бірі Биржа жұмыскерлерін оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру болып табылады.
10. Биржа жұмыс орындарын сақтау және еңбек жағдайларын жақсарту қағидатын ұстанады және Биржаның еңбек ұжымында қолайлы және шығармашылық ахуал жасау процесін барынша ынталандырады.
11. Адам құқықтарын сақтау және инклюзивтілік саласында KASE тобы өз қызметі шеңберінде және барлық жеткізу тізбегі бойынша адам құқықтарын дәйекті түрде сақтайды және қорғайды. KASE өз қызметінде контрагенттерге, клиенттерге және өзге де іскерлік әріптестерге барлық деңгейлерде бизнесті жауапты жүргізуді қамтамасыз ете отырып, тиісті талаптар қояды.
12. KASE тобының ішінде Биржа инклюзивтілік қағидаттарын белсенді түрде қолдайды және кедергісіз орта қалыптастырады, мәдени әртүрлілік пен теңдік құндылықтарын қолдай отырып, барлық жұмыскерлердің кәсіби өсуі мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін тең мүмкіндіктер ұсынады.

7-бап.

Корпоративтік басқару жүйесінде Қазақстан Республикасы қаржы нарығының кәсіби қатысушыларының өзара іс-қимылын қамтамасыз ету

1. Биржа бағалы қағаздар нарығында тиімді корпоративтік басқаруды дамытуға:
 - 1) KASE ресми тізіміне кіретін бағалы қағаздар эмитенттеріне листингілік талаптар мен өлшемдерді белгілеу;
 - 2) листингілік компаниялардың корпоративтік және маңызды оқиғалары туралы ақпаратты ашып көрсету;
 - 3) инсайдерлік саудаға тыйым салуды және нарықта айла-шарғы жасауды және Биржа белгілеген ережелер мен процедуралардың орындалуына мониторинг жасауды белгілеу жолымен жәрдемдеседі.
2. Биржа кәсіби қатысушыларға, оның ішінде институционалдық инвесторлар болып табылатын қатысушыларға KASE сауда-саттық алаңында теңгемен де, шетел валютасымен де саудаланатын бағалы қағаздарды сатып алу және иелену үшін Биржаның сауда-саттық жүйесіне тікелей рұқсаттама береді. Қолданыстағы DMA жүйесі (Биржа мүшесінің бағдарламалық-техникалық құралдары кешені) алгоритмдік және жоғары жиілікті стратегияларды іске асыратын институционалдық инвесторлар мен трейдерлерге, оның ішінде барлық қолжетімді нарықтарда өз клиенттеріне өз шешімдері арқылы рұқсаттама беру үшін бағытталған.
3. Биржа еркін биржалық баға белгілеу шеңберінде қаржы құралдарының бағасын әділ және тиімді анықтауды қамтамасыз етеді, бұл тиімді корпоративтік басқаруға ықпал етеді.
4. Биржа тиімді корпоративтік басқаруды дамытуға:
 - 1) бағалы қағаздардың меншік иелеріне нарықтық ақпаратты компанияның оның перспективалары мен қызметінің нәтижелері туралы ақпаратымен салыстыру арқылы өздерінің корпоративтік инвестицияларының мониторингі мен бағалауын жүзеге асыруға мүмкіндік беру;

- 2) олардың инвестицияларына қатысты еркін биржалық баға белгілеу шеңберінде қаржы құралдарының бағасын әділ және тиімді анықтауды қоса алғанда, сапалы нарықтық ақпаратты қамтамасыз ету және оған қол жеткізу жолымен қатысады.
5. Биржа сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде инвестициялық тізбекке қатыса отырып, осы Кодекстің 4-бабына сәйкес ақпаратты ашып көрсету жөніндегі корпоративтік процедураларды нақты регламенттеу жолымен KASE тобы ішінде тиімді корпоративтік басқаруды дамытуға жәрдемдеседі.

3-тарау. БИРЖА АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

8-бап.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын дайындауға және өткізуге қойылатын жалпы талаптар

1. Биржа қолданатын акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу тәртібі Биржаның барлық акционерлеріне тең қатынасты қамтамасыз етеді және Биржаның әрбір акционеріне акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға өз құқықтарын іске асыруға тең мүмкіндік береді.
2. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау және өткізу мынадай талаптарды қанағаттандыруы тиіс:
 - 1) Биржаның барлық акционерлеріне әділ және тең қарым-қатынас;
 - 2) Биржаның акционерлерінің жалпы жиналысына қатысудың оның барлық акционерлері (Биржаның барлық акционерлерінің өкілдері) үшін қолжетімділігі;
 - 3) Биржа акционерлеріне Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты барынша толық ұйымдастырушылық және есептік ақпарат беру;
 - 4) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын өткізудің қарапайымдылығы мен ашықтығы.

9-бап.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын дайындау

1. Биржаның акционерлері оның акционерлерінің алдағы жалпы жиналысын өткізу туралы олардың осы жиналысты өткізу тәртібін және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды зерделеуі, өздерін қызықтыратын мәселелерді әзірлеуі және осы жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша өздерінің ұстанымдарын әзірлеуі үшін жеткілікті мерзімде хабардар етілуге тиіс.
2. Биржа өз акционерлерін Жарғысына сәйкес Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабардар етеді; алайда, Биржа Биржаның акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы оның барлық акционерлеріне уақтылы хабарлауға ұмтылатындықтан, Биржа:
 - 1) осы хабарламаны қайталауға;
 - 2) осы хабарламаны Биржа акционерлерінің назарына жеткізудің қосымша тәсілдерін пайдалануға құқылы.
3. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесін қамтуға тиіс.
4. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар жиналыс өткізілетін күнге дейін он күннен кешіктірілмей, ал акционердің сұрау салуы болған кезде – сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған танысу үшін дайын және Биржа Басқармасының орналасқан жері бойынша қолжетімді болуға тиіс; егер Биржаның Жарғысында өзгеше көзделмесе, құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығыстарын акционер көтереді.

5. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі материалдардың ішінде оның акционерлеріне Биржа қызметінің жоспарлары, жетістіктері мен проблемалары туралы қосымша мәліметтер, талдамалық зерттеулер берілуі мүмкін.
6. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіне қандай да бір тұлғаларды, мысалы, Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген жағдайда, осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осындай сайлауға ұсынылатын кандидаттар туралы, осы кандидаттарды объективті бағалау үшін қажетті және жеткілікті құрамдағы және көлемдегі ақпарат болуға тиіс.
7. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды қалыптастыру кезінде ол артық уақыт және еңбек шығындарын немесе ақталмаған шығыстарды көтермеуге тиіс.
8. Биржа Биржаның акционерлерін Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдармен танысудың барынша қарапайым және ауыртпалық салмайтын тәртібін пайдалануға тиіс.

10-бап.

Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу

1. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу уақыты осы жиналысқа қатысу үшін келген Биржаның барлық акционерлерінің (акционерлер өкілдерінің) тіркелу мүмкіндігіне ие болуы үшін жеткілікті болуға тиіс.
2. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысу үшін ол ашылғаннан кейін келген Биржа акционерлерінің (акционерлерінің өкілдерінің) олар осы жиналысқа қатысушыларды тіркеу процедурасынан өткен жағдайда, осы жиналысқа қатысуға құқығы бар.
3. Биржаның барлық акционерлері Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға тең құқықтарға ие болады.
4. Биржа акционері Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға және оның күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің жеке қатысуынсыз (кез келген үшінші тұлғаға немесе, мысалы, Биржаның осы акционеріне қызмет көрсететін номиналды ұстаушының өкіліне берілуі мүмкін сенімхат негізінде әрекет ететін өзінің өкілі арқылы) дауыс беруге құқылы. Мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулар бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Биржа жұмыскерлерінің акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқығы жоқ.
5. Биржа акционерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде жеке өзінің немесе оның жеке қатысуынсыз берген дауыстарының тең күші болады.
6. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарау кезінде түсініктемелері мен түсіндірмелері талап етілуі мүмкін барлық тұлғалар, ал олар негізді болмаған жағдайда – осы тұлғалардың орынбасарлары және/немесе осы тұлғаның қарамағындағы (қарамағында болған) мәселелерге құзыретті тұлғалар қатысуы тиіс.
7. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы Биржаның лауазымды тұлғаларының және оның акционерлерінің (акционерлер өкілдерінің) осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сөз сөйлеу уақытын анықтайтын өзінің регламентін белгілей алады.
8. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының регламенті ақылға қонымды жеткіліктілік қағидатына негізделуге және осы жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді толыққанды талқылауға және олар бойынша негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік туғызуға тиіс.
9. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының төрағасы осы жиналысқа қатысушы Биржа акционерлерінің (акционерлердің өкілдерінің) өздерін қызықтыратын

сұрақтарға осы жиналысты өткізу барысында тікелей жауап алуына ұмтылуға тиіс. Егер мұндай сұрақтардың күрделілігі оларға дереу жауап беруге мүмкіндік бермесе, олар қойылған тұлғалар Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін қысқа мерзімде оларға жазбаша жауап беруге тиіс.

10. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында дауыстарды жинау және санау процедурасы барынша ашық болуы тиіс. Осы мақсатта Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы дауыстарды есептеудің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру үшін Биржа акционерлерінің өкілдерін сайлай алады (егер тек Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясын сайламаса).
11. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру процесі Биржа акционерлері үшін қарапайым және ыңғайлы болуы тиіс.

4-тарау. БИРЖАНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

11-бап. Биржаның Директорлар кеңесінің функциялары және қызметінің қағидаттары

1. Директорлар кеңесінің негізгі функциялары мен өкілеттіктері "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңымен және Биржаның Жарғысымен анықталған.
2. Биржаның Директорлар кеңесі мынадай қағидаттарды ұстануға тиіс:
 - 1) ұтымдылық және сақтық: Биржаның орнықтылығы мен сенімділігі мүддесінде әрекет ете отырып, толық ақпарат негізінде сараланған және адал шешімдер қабылдау;
 - 2) адалдық және мүдделер қақтығысына жол бермеу: Биржаның мүдделерін жеке мүдделері мен үшінші тұлғалардың мүдделерінен жоғары қою, нарыққа қатысушылардың сенімін қамтамасыз ете отырып, ықтимал мүдделер қақтығыстарын болдырмау және ашу;
 - 3) қатысу және стратегиялық хабардар болу: басқаруға белсенді қатысу, нарықтық және реттеушілік өзгерістерді қадағалау, сын-қатерлерге уақтылы ден қою және Биржаның ұзақмерзімді дамуына жәрдемдесу;
 - 4) цифрлық стратегияға қатысу: IT-даму стратегиясын қалыптастыруға және бақылауға қатысу, Биржаның тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете отырып, технологиялық трендтерден, киберқұралдардан және цифрлық мүмкіндіктерден хабардар болу, Биржаның цифрлық трансформациясына ықпал ету және технологиялық тәуекелдерді төмендету.
3. Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыру кезінде:
 - 1) ақпаратқа тиісінше қол жеткізуді және негізгі шешімдерге акционерлердің қатысуын қамтамасыз ете отырып, ашықтық, есеп беру және әділдік қағидаттарына сәйкес әрекет ете отырып, Биржа акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге;
 - 2) Директорлар кеңесі белгілеген басым бағыттарды ескере отырып, Биржаның ағымдағы қызметінің тұрақты мониторингін жүзеге асыруға және олардың Биржаның ұзақмерзімді мақсаттары мен стратегиялық мүдделеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге;
 - 3) тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастырудың, оның ішінде қаржылық, операциялық және беделді тәуекелдерді қоса алғанда, Биржа ұшырайтын тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау және тәуекелдерді басқарудың үздік халықаралық практикаларын ескере отырып, оларды барынша азайту үшін шаралар қабылдау жөніндегі қағидаттар мен тәсілдерді анықтауға;
 - 4) Биржаның қолданыстағы ішкі құжаттарына өзгерістер әзірлеуге және енгізуге, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және корпоративтік басқару қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ететін жаңа ішкі құжаттарды жасауға бастамашылық жасауға;

- 5) корпоративтік басқару талаптарын, этикалық стандарттарды және заңнаманы сақтауды ескере отырып, Биржа Басқармасы дайындаған Биржаның ішкі құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды бағалауға және оң баға берген кезде бекітуге;
 - 6) Биржаның кірістері мен шығыстарының, күрделі шығындарының бюджеттерін, сондай-ақ қаржылық ашықтық, есептілік қағидаттарына сәйкес және бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына сәйкес олардың атқарылуы туралы есептерді бағалауға және оң бағалау кезінде бекітуге;
 - 7) бағалаудың ашық және объективті өлшемдерін белгілеуді қоса алғанда, Биржа Басқармасы жұмысының тиімділігін бағалауға, сондай-ақ Басқарма мүшелеріне әділдік, уәждеме және корпоративтік жауапкершілік қағидаттарына сәйкес келетін сыйлықақы беру шарттары мен мөлшерін белгілеуге міндетті.
4. Директорлар кеңесі өз қызметінде корпоративтік басқарудың халықаралық қағидаттарына сәйкес келетін мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылуға тиіс:
- 1) Биржаның ұзақмерзімді құндылығы мен орнықтылығы мақсатында Биржа үшін оның қызметінде тұрақтылық, болжамдылық және біркелкілік ахуалын жасау;
 - 2) корпоративтік процестерді тиімді басқару және ашықтығын арттыру мақсатында Биржа Басқармасымен сындарлы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
 - 3) жауапкершілік қағидаттарына сәйкес келу және барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеру мақсатында шешім қабылдауда этикалық нормалар мен әділеттілікті сақтауды ескере отырып, Биржа акционерлерінің мүдделері, Биржаның коммерциялық мүдделері және оның жұмыскерлерінің жеке мүдделері арасында ақылға қонымды ымыраға келуді қамтамасыз ету.
5. Биржаның Директорлар кеңесі өз қызметін кәсібиліктің, этика мен ашықтықтың жоғары стандарттарына сәйкес, Қазақстан Республикасы қаржы нарығының мінсіз іскерлік беделге ие неғұрлым білікті, адал және адал өкілдері шоғырланған органның беделін қалыптастыруға ұмтыла отырып, акционерлер, инвесторлар және басқа да мүдделі тараптар тарапынан сенімді арттыру, сондай-ақ басқару шешімдерін қабылдаудағы жауапкершілік, ашықтық және әділдік қағидаттарына сәйкес келу мақсатында кәсібиліктің жоғары стандарттарына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.
6. Биржаның Директорлар кеңесі өз қызметі процесінде корпоративтік үйлесімділік пен ашықтық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, акционерлердің жалпы жиналысымен, Биржа Басқармасымен және Басқарма Төрағасымен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл жасау рухында әрекет етуге тиіс. Директорлар кеңесі басқару шешімдерін қабылдауда құрмет, жауапкершілік және келісімділік қағидаттарына сәйкес болу мақсатында аталған органдармен қарсы қою немесе жанжал ретінде қабылдануы мүмкін қадамдар жасамауға тиіс.
7. Биржаның Директорлар кеңесі өз қызметінде Биржа жұмыскерлерінің арасында:
- 1) Биржаны қолайсыз сыртқы факторлардан қорғау шебі (Биржа акционерлерінің мүдделері, Биржаның коммерциялық мүдделері мен оның жұмыскерлерінің жеке мүдделері арасындағы ықтимал алшақтықтарды ескере отырып);
 - 2) Биржа Басқармасы мүшелерінің не Биржаның барлық немесе жекелеген жұмыскерлері мен оның Басқармасы мүшелерінің арасындағы жанжалды тиімді реттеуге қабілетті орган (егер Биржа Басқармасы мұндай жанжалды реттей алмаса немесе оны реттеуден қалыс қалса) ретінде өз беделін жасауға және қолдауға тиіс.

8. Биржаның Директорлар кеңесінің және оның жекелеген мүшелерінің қызметін бағалауды Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы жүзеге асырады, ол осы мақсаттарда "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Биржа Жарғысына сәйкес:
 - 1) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның Жарғысында өзгеше көзделмесе, қандай да бір тұлғаны Биржаның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп шексіз рет сайлау құқығы;
 - 2) Биржаның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату құқығы;
 - 3) Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын анықтау секілді ықпал ету шараларын пайдалануға құқылы.
9. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Биржаның Директорлар кеңесі мүшелері сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында жария етілуге тиіс.

12-бап.

Биржаның Директорлар кеңесін қалыптастыру

1. Биржаның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлануға ұсынылатын тұлға:
 - 1) қаржы ұйымдарының басшы жұмыскерлеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс;
 - 2) Биржаның Жарғысында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.
2. Биржаның кез келген акционері Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа Жарғысында белгіленген нормалар сақталған жағдайда Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат ұсынуға құқылы.
3. Биржаның акционері Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелігіне, оның ішінде Биржаның тәуелсіз директорларын сайлау үшін бірнеше кандидаттар ұсынуға құқылы.
4. Биржаның акционерлері Биржаның Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттарды бірлесіп ұсыну мақсатында бірігуге құқылы.
5. Биржа Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидатты ұсынған кезде Биржа акционері Биржа акционерінің өкілі (қандай да бір акционердің (қандай да бір акционерлердің) мүдделерінің өкілі) немесе Биржаның тәуелсіз директоры ретінде осы кандидаттың қандай сапада ұсынылатынын көрсетуге тиіс.
6. Жұмыс істеп тұрған құрамдағы Биржаның Директорлар кеңесі, оның пікірінше, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына Биржа Директорлар кеңесінің мүшелігіне Биржа акционерлері ұсынған кандидаттардың арасынан Биржа Директорлар кеңесінің оңтайлы жаңа сандық құрамын ұсынуға құқылы.
7. Биржаның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Биржаның Директорлар кеңесі сондай-ақ Биржаның Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау үшін кандидатты (кандидаттарды) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынуға құқылы.
8. Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде Биржаның акционерлері Биржаның Директорлар кеңесінің ұсынымдарын ескеруге, олардан жалтаруға немесе бас тартуға құқылы.
9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның Жарғысында Биржаның Директорлар кеңесіне белгілі бір тұлғалар үшін мүшеліктің міндеттілігі белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда бұл тұлғаларды Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелері етіп сайлау бойынша дауыс беру өткізілмейді.
10. Биржаның Директорлар кеңесінің құрамында Биржаның тәуелсіз директорларының болуын қамтамасыз ету үшін (Биржаның тәуелсіз директорларының болуы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында да, сондай-ақ Биржаның тәуелсіз директоры Биржаның Директорлар кеңесінде

Биржаның барлық акционерлерінің, әсіресе мүдделерінің өкілдері Биржаның Директорлар кеңесіне сайланбаған акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге тиіс деген болжамды ескере отырып) Биржаның тәуелсіз директорларын сайлау бойынша Биржа акционерлерінің жалпы жиналысында дауыс беру Биржаның Директорлар кеңесінің қалған мүшелерін сайлау бойынша дауыс беруден бөлек өткізіледі.

11. Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы Биржаның Директорлар кеңесінде Биржа акционерлерінің әртүрлі топтарының барынша көп санының мүдделерін білдіруді қамтамасыз етуге ұмтылуға, ал Биржа акционерлерінің бірнеше тобының Директорлар кеңесіндегі өкілдігінің пайдасына дәлелдер тең болған кезде Биржаның тәуелсіз директорларын сайлауға артықшылық беруге тиіс.
12. Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау процедурасының айқындығы мен анықтығын қамтамасыз ету мақсатында Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының хатшысы (егер Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы есеп комиссиясын сайламаса ғана) осындай сайлау алдында осы процедура бойынша түсіндірмелермен сөз сөйлейді.
13. Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Биржа Жарғысымен және осы Кодекспен реттелмеген Биржаның Директорлар кеңесін құру мәселелері Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес шешілуі тиіс.

13-бап.

Тәуелсіз директорлар

1. Директорлар кеңесінің тәуелсіздігі корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Биржа тәуелсіз директорлардың жеткілікті санын қамтамасыз етуге ұмтылуға тиіс, бұл мүдделі тараптардың ықпалынан бос шешімдер қабылдауға және Биржа мен оның қызметіне барлық қатысушылардың мүдделері үшін әрекет етуге мүмкіндік береді.
2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ мынадай критерийлерге сәйкес келетін тұлға Биржаның тәуелсіз директоры болып танылады:
 - 1) **жеке немесе мүліктік мүдделіліктің болмауы** – тәуелсіз директордың: акциялардың едәуір пакетіне (5 %-дан астам) ие акционерлермен; Биржа Басқармасының немесе Биржаның Директорлар кеңесінің мүшелерімен; қабылданатын шешімдерге тікелей немесе жанама түрде ықпал етуге қабілетті тұлғалармен жеке, мүліктік немесе отбасылық байланысы болмауы тиіс;
 - 2) **қаржылық тәуелсіздік** – тәуелсіз директор Биржадан Директорлар кеңесі мен оның комитеттері мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты, оның тәуелсіз пайымына ықпал етуге қабілетті қосымша өтемақысыз тек қана сыйақы алады;
 - 3) **акционерлердің мүдделерін білдірудің болмауы** – тәуелсіз директор қандай да бір нақты акционердің немесе акционерлер тобының өкілі болып табылмайды және тек барлық акционерлердің және өзге де мүдделі тараптардың мүдделері үшін әрекет етеді;
 - 4) **лауазымда болу мерзімі бойынша шектеу** – Биржаның тәуелсіз директоры лауазымында үздіксіз болу мерзімі, әдетте, тоғыз жылдан аспауға тиіс. Көрсетілген кезеңнен астам мерзімге сайланған кезде осы Кодекстің 16-бабының 3 тармағын ескере отырып, осындай шешімнің қажеттілігіне негізделген түсіндірме берілуі тиіс;
 - 5) **пікірлер мен іс-қимылдардың тәуелсіздігі** – Биржаның тәуелсіз директоры ішкі және сыртқы мүдделердің ықпалынан азат тәуелсіз көзқарасты қалыптастыру және қорғау және Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің объективтілігін қамтамасыз ету қабілетіне ие болуға тиіс;

- 6) **негізгі акционерден тәуелсіздік** – Биржаның тәуелсіз директоры, егер оның тәуелсіз және объективті пайымды жүзеге асыруға қабілеттілігі дәлелденбесе, бақылаушы акционер (немесе топ) берген немесе ұсынған өкіл болып табылмайды.
3. Тәуелсіз директор өзінің тәуелсіздік мәртебесін адал ұстап тұруға және нәтижесінде оны жоғалтуы мүмкін іс-қимылдарды жасамауға міндетті. Оның тәуелсіздігіне күмән келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда, директор себептерін сипаттай отырып, тиісті өтініш бере отырып, бұл туралы Директорлар кеңесіне дереу хабарлауға міндетті. Директорлар кеңесі ашықтық және есеп беру қағидаттарын басшылыққа ала отырып, тәуелсіздік мәртебесінің жоғалғаны туралы акционерлерді хабардар етеді, ал қажет болған жағдайда жаңа тәуелсіз директорды сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға бастамашылық жасайды.
4. Тәуелсіз директордың Директорлар кеңесінің құрамында болу мерзімі тәуелсіздік пен объективтілікті сақтау үшін мерзімдерді шектеудің халықаралық практикасына сәйкес келу мақсатында қатарынан тоғыз жылдан (мысалы, қатарынан үш жылдық үш мерзім) аспауға тиіс. Тоғыз жылдан астам мерзімге қайта сайлау тек сенімді негіздер болған кезде ғана мүмкін болады, бұл ретте Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына осы тәуелсіз директордың үлесін бағалауды және оның тәуелсіздік өлшемдеріне сәйкестігін ескере отырып, мұндай шешімнің орындылығына негізделген түсініктеме беруге міндетті.

14-бап.

Биржаның Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

1. Директорлар кеңесі қызметінің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Биржа Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен белгіленеді.
2. Директорлар кеңесінің Төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің негізгі функцияларын толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, акционерлер мен Басқарма арасында сындарлы диалог құруды қамтамасыз етеді.
3. Директорлар кеңесіне өз міндеттерін орындау үшін жеткілікті ақпарат уақтылы берілуге тиіс.
4. Басқарма Төрағасы мен мүшелері, Биржаның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, оның ішінде корпоративтік хатшы арқылы Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібінің мәселелері бойынша және Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің сұрау салуы бойынша қажетті және дұрыс ақпаратты уақтылы ұсынады.
5. Неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.
6. Директорлар кеңесінің комитеттері мынадай мәселелерді қарайды:
 - 1) стратегиялық жоспарлау;
 - 2) кадрлар, сыйақылар;
 - 3) ішкі аудит, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау;
 - 4) әлеуметтік мәселелер;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Директорлар кеңесінің комитеттері туралы қағидаға және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес өзге де мәселелер.
7. Биржаның Директорлар кеңесі Биржаның Директорлар кеңесі мүшелерінің Биржа және оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуі бойынша ескіру мерзімін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қысқанды мерзімдерді ескере отырып белгілеуге құқылы.

15-бап. Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

1. Директорлар кеңесінің Төрағасы өзіне жүктелген барлық функциялардың орындалуын қамтамасыз ете отырып, Кеңестің қызметін ұйымдастыру және тиімді басқару үшін жауап береді.
2. Директорлар кеңесі төрағасының міндеттеріне акционерлермен тиімді өзара іс-қимылды қолдау, тәуелсіз директорлардың белсенді қатысуына жәрдемдесу, сондай-ақ тәуелсіз директорлар, Директорлар кеңесі мүшелері және Биржа Басқармасы арасындағы сындарлы қатынастарды қамтамасыз ету кіреді.
3. Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.
4. Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Директорлар кеңесінің мүшелері Биржаға олардың кінәлі әрекеттерімен келтірілген залал үшін Биржаның алдында заңнамада көзделген жауаптылықта болады.
5. Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне Директорлар кеңесінің Төрағасы, Биржа Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшелері және корпоративтік хатшы тарапынан олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша және Директорлар кеңесінің жұмысы процесіне табысты кірігуге және стратегиялық шешімдер қабылдауға бағытталған жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бұл танысу кездесулерін ұйымдастыруды, корпоративтік процедуралар мен стратегияларды оқытуды, сондай-ақ олардың міндеттерін тиімді орындау үшін қажетті ақпарат беруді қамтиды.
6. Биржа Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігі мен құзыреттілігін арттыруға ықпал ете отырып, олардың тұрақты кәсіби дамуын қамтамасыз етуге ұмтылады, сондай-ақ сыртқы ортаның өзгеруі мен корпоративтік қажеттіліктерді ескере отырып, қажетті білім беру ресурстары мен тренингтерге қол жеткізуді ұйымдастырады. Биржа Директорлар кеңесі мен оның комитеттері шеңберінде негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті стратегиялық, қаржылық және тәуекелдік аспектілер туралы деректерді қоса алғанда, Директорлар кеңесі мүшелерінің Биржаның қызметі мен нәтижелері туралы толық және дұрыс ақпаратты уақтылы алуына ерекше назар аударады.

16-бап. Биржаның Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

1. Директорлар кеңесі жыл сайын өз қызметіне, сондай-ақ өз комитеттерінің қызметіне Директорлар кеңесі бекіткен тәртіппен және Биржаның ішкі құжатына сәйкес бағалау жүргізеді.
2. Бағалау Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің Кеңес қызметіне қатысу тиімділігін, сондай-ақ олардың өз міндеттерін тиісті дәрежеде адалдықпен, құзыреттілікпен және тәуелсіздікпен орындауын анықтауға бағытталған.
3. Директорлар кеңесінің Төрағасы алынған нәтижелерді талдайды, күшті жақтарды да, сондай-ақ Кеңестің жұмысын жақсарту тұстарын да анықтайды және қажет болған кезде басқару органының тиімділігін, әртүрлілігін және тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа мүшелерді тағайындау немесе жұмыс істеп тұрғандардың өкілеттіктерін тоқтату арқылы Кеңестің құрамын жаңарту жөнінде негізделген ұсыныстар береді.
4. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып, Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне сыртқы бағалау жүргізу ұйымдастырылуы мүмкін.

17-бап. Биржаның Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

1. Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру жүйесі:
 - 1) құзыретті және тәуелсіз кәсіпқойларды тартуға және ұстап қалуға;

- 2) Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиімді орындауға уәждемесін қамтамасыз етуге;
 - 3) сыйақының тіркелген және ауыспалы бөліктері арасындағы теңгерімді ұстап тұруға;
 - 4) мүдделер қақтығысын болдырмауға және Биржаның ұзақмерзімді орнықтылығын ынталандыруға бағытталған.
2. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақыларын төлеу тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Директорлар кеңесі туралы қағидаға және Биржаның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы анықтайды.
 3. Сыйақының мөлшері мен құрылымы туралы ақпарат ақпаратты ашып көрсету талаптарына және ашықтық қағидаттарына сәйкес жылдық есепте ашылады.
 4. Директорлар кеңесі мүшелерінің, атап айтқанда, тәуелсіз директорлардың объективтілігін сақтау мақсатында акционерлердің жалпы жиналысы белгілейтін сыйақы мөлшері Биржаның қаржылық нәтижелерімен байланысты емес.
 5. Бұл ретте тәуелсіздік қағидаттары сақталған жағдайда Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша Биржаның ұзақ мерзімді табысына мүдделілікті күшейту үшін Биржа капиталындағы үлесті беру жолымен опциондық сыйақы (акциялар нысанында) белгілеуге болады.

5-тарау. БИРЖАНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

18-бап. Биржа Басқармасының функциялары мен қызмет қағидаттары

1. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Биржа Жарғысына сәйкес оның Басқармасы:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржа Жарғысында Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының, Биржа Директорлар кеңесінің және Биржа Басқармасы Төрағасының айрықша құзыретіне жатқызылмаған Биржа қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;
 - 2) Биржаның ішкі құжаттарымен оның Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;
 - 3) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының және Биржа Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды.
2. Биржа Басқармасы өз қызметінде мынадай мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылуы тиіс:
 - 1) Биржаның операциялық қызметінің тұрақтылығын және кеңеюін қамтамасыз ету;
 - 2) Биржаның орнықтылығын және қаржылық жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ету;
 - 3) Биржаның даму стратегиясының орындалуын қамтамасыз ету;
 - 4) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің уақтылы және тиімді орындалуын қамтамасыз ету;
 - 5) Биржаның іскерлік және қоғамдық беделін қолдауды және арттыруды қамтамасыз ету;
 - 6) Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету.
3. Басқарма Биржаның қызметіне байланысты тәуекелдерді бақылауды жүзеге асырады және осы тәуекелдерді басқару тетіктерін енгізеді.
4. Басқарма Биржаның ішкі құжаттарында және халықаралық стандарттарда белгіленген корпоративтік басқару қағидаттарын енгізу және сақтау үшін және Биржаның корпоративтік мәдениетін басқару үшін жауап береді.

5. Биржа Басқармасы өз қызметін Биржа акционерлерінің құқықтарын бұзбайтындай және мүмкіндігінше олардың мүдделерін Биржаның коммерциялық мүдделерімен және оның жұмыскерлерінің мүдделерімен барынша үйлестіретіндей етіп жүзеге асыруы тиіс.

19-бап. Биржа Басқармасын қалыптастыру

1. Биржа Басқармасының мүшесі болып сайлануға ұсынылатын тұлға:
 - 1) қаржы ұйымдарының басшы жұмыскерлеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс;
 - 2) Қазақстан Республикасының қаржы нарығында мінсіз беделге ие болуға және Биржаның акционерлері мен Директорлар кеңесінің мүшелері тарапынан сенімге ие болуға тиіс;
 - 3) осы-баптың 2 және 3 тармақтарында белгіленген шарттарға барынша сәйкес келуге тиіс.
2. Биржа Басқармасының мүшесін сайлау үшін, әдетте, қаржы нарығы саласындағы кәсіпқойлар тартылады.
3. Басқарма мүшелерін сайлау кезінде Директорлар кеңесі осындай сайлаудың ашықтығы мен негізділігін қамтамасыз ету шараларын қолдануға тиіс.
4. Биржа Басқармасының дербес құрамын қалыптастыру мәселелері, олардың міндеттері мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңдарымен, Биржа Жарғысымен және Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6-тарау. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

20-бап. Биржаның корпоративтік хатшысы

1. Биржаның Корпоративтік хатшысы Биржаның органдары мен лауазымды тұлғаларының оның акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған процедураларды қатаң сақтауын, сондай-ақ Биржаның Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржаның Жарғысын және оның ішкі құжаттарын ұстануын қамтамасыз етеді.
2. Корпоративтік хатшыны Биржаның Директорлар кеңесі тағайындайды және оған есеп береді.
3. Корпоративтік хатшының міндеттері мен функциялары корпоративтік басқарудың үздік практикаларына сәйкес Биржаның Жарғысында және ішкі нормативтік құжаттарда анықталады. Биржаның корпоративтік хатшысы:
 - 1) акционерлердің жалпы жиналысы мен Биржаның Директорлар кеңесі қабылдаған корпоративтік шешімдердің уақтылы орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
 - 2) Директорлар кеңесі мен Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы қызметінің корпоративтік шешімдерінің, материалдары мен нәтижелерінің мұрағатын жүргізеді;
 - 3) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру және өткізуге дайындық мәселелері бойынша акционерлермен өзара іс-қимыл жасайды;
 - 4) Биржа органдарының оның акционерлерінің Биржа мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне шағымдарын тиісінше қарауын қамтамасыз етеді;
 - 5) корпоративтік қатынастардағы жанжалдарды реттеуге қатысуға тартылуы мүмкін;
 - 6) Биржа Басқармасының және басқа да жұмыскерлердің Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауына

мониторинг жүргізеді, олардың орындалуы немесе орындалмауы туралы Биржаның Директорлар кеңесін хабардар етеді;

- 7) осы Кодекстің қағидаларына және оларды қолдануға қатысты түсіндірмелер береді;
 - 8) Биржаны корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысады.
4. Биржаның органдары арасында тиімді өзара іс-қимылды және ақпарат беруді қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік хатшы жемісті өзара қарым-қатынас жасай білуге және жанжалды жағдайларды шешу бойынша дағдыларға ие болуға тиіс. Мүдделер қақтығысына байланысты жағдайлар туындаған жағдайда корпоративтік хатшы осы ақпаратты Биржаның Директорлар кеңесі төрағасының назарына жеткізеді.
 5. Биржаның корпоративтік хатшысының өз міндеттерін орындауы үшін білімі, тәжірибесі және біліктілігі, мінсіз іскерлік беделі болуы тиіс.
 6. Биржаның корпоративтік хатшысы өз қызметін Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін Корпоративтік хатшы туралы қағиданың негізінде жүзеге асырады, онда функциялар, құқықтар мен міндеттер, Биржа органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі, біліктілік талаптары және басқа да ақпарат көрсетіледі.
 7. Биржа Басқармасы корпоративтік хатшыға оның өз міндеттерін орындауы кезінде жан-жақты жәрдем көрсетеді.

7-тарау. АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ

21-бап. Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар

1. Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларға оның қызметінде іргелі өзгерістерге әкеп соғуы мүмкін, Биржаның қаржылық жағдайының, басқару құрылымының және Биржа өз қызметін жүзеге асыратын нарықтың өзгерістеріне әкеп соғатын оқиғалар, оның ішінде, бірақ шектелмей:
 - 1) Биржаның басқа заңды тұлғаның акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) олардың жалпы санының 10 және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде сатып алуы;
 - 2) Биржаның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
 - 3) ірі мәміле жасасу;
 - 4) Биржаны қайта ұйымдастыру және/немесе Биржаны тарату жатады.
2. Биржаның қызметінде елеулі корпоративтік оқиғаларға әкеп соғатын, оның акционерлерінің мүдделерін сындарлы дәрежеде қозғайтын шешімдерді Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы мен Биржаның Директорлар кеңесі өз құзыреті шегінде (осы-баптың 3 тармағында белгіленгендерді қоспағанда) қабылдайды.
3. Биржаның қызметіндегі күтпеген елеулі корпоративтік оқиғаны білдіретін және Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Биржаның Директорлар кеңесінің қажетті шешімін дайындау және іске асыру үшін уақыт қалдырмайтын кенеттен конъюнктуралық өзгерістер болған жағдайда, Биржа Басқармасы Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы мен Биржа Директорлар кеңесінің айрықша құзыретін бұзудан аулақ бола отырып, бір мезгілде Биржаның Директорлар кеңесінің төтенше отырысын шақыруға бастама жасай отырып, осындай өзгерістерге дереу барабар ден қою шеңберінде іс-қимыл жасауға құқылы.
4. Биржаның қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаға жататын Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының немесе Биржаның Директорлар кеңесінің шешімін дайындау және іске асыру кезінде Биржа Басқармасы мен Биржаның Директорлар кеңесі осы шешімнің жобасын ашық және жан-жақты талқылауды қамтамасыз етуге және оны іске асырудың ашық және түсінікті тетігі мен процедурасын белгілеуге тиіс (мұндай ашықтық, жан-жақтылық, айқындық және

түсініктілік Биржада бар ақпаратты ескере отырып мүмкін болатындай және осы шешімге қатысты Биржаның коммерциялық мүдделерімен үйлесетіндей).

5. Осы-баптың 4 тармағында белгіленген талаптар шеңберінде Биржа Басқармасы мен Биржаның Директорлар кеңесі:
 - 1) Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларды алдын ала бағалау мен мақұлдауға;
 - 2) Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларды іске асыру тетіктері мен процедураларын анықтауға;
 - 3) Биржаның қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғаларды терең талдау мен талқылауға ерекше назар аударуы тиіс.
6. Биржаны қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы мәселелер Биржа үшін елеулі корпоративтік оқиғалар болып табылады, осыған байланысты Басқарма мен Директорлар кеңесі осы мәселелерді қарайды және бірқатар қолайсыз зардаптарға әкеп соғуы мүмкін қабылданған шешімнің ықтимал зардаптарын ескере отырып, акционерлердің жалпы жиналысына шығарады.
7. Биржа қызметіндегі елеулі корпоративтік оқиғалар ашылуға және есепке алынуға жатады, бұл нарық қатысушыларының сенімін қамтамасыз етеді және ашықтық пен әділдік қағидаттарын сақтауға ықпал етеді.

22-бап.

Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету

1. Биржа және оның қызметі туралы ақпаратқа қатысты Биржа мұндай ақпаратты жария (ашық) және жария емес (жабық) деп бөлуді ұстанады.
2. Биржа және оның қызметі туралы жария ақпарат:
 - 1) заңды тұлға ретінде Биржа туралы жалпы ақпарат, оның ішінде, бірақ шектелмей, оның орналасқан жері мен байланыс деректемелері, Биржа Директорлар кеңесінің және Биржа Басқармасының құрамы, Биржа Жарғысы және оған өзгерістер мен толықтырулар;
 - 2) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес: бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс; Биржа акционерлерінің мүдделерін қозғайтын; Биржаның акционерлеріне берілуге тиіс деп танылатын Биржа және оның қызметі туралы өзге де ақпарат;
 - 3) Биржа мүшелерінен, Биржа өткізетін сауда-саттықта айналысқа (Биржадағы айналысқа) жіберілген бағалы қағаздар эмитенттерінен және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де тұлғалардан Биржаның алатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына және Биржамен жасалған шарттарға сәйкес таратылуға жататын ақпарат, сондай-ақ Биржада айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың эмитенттеріне жататын өзге де ақпарат;
 - 4) Биржаның қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметі процесінде қалыптастырылатын және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Биржаның таратуына жататын өзге де ақпарат болып табылады.
3. Биржа және оның қызметі туралы жария ақпаратты жария ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржа Жарғысына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес:
 - 1) бұл ақпаратқа рұқсаттама еркін және ауыртпалық түсірмейтіндей;
 - 2) мұндай ашу Биржаның қосымша капитал тартуына, Биржаның жоғары іскерлік беделін қалыптастыруға ықпал ететін акционерлік қоғам ретінде Биржаның қолайлы имиджін құруды қамтамасыз ететіндей;

- 3) мұндай ашу Биржаның ресми тізіміне енгізілетін және ондағы бағалы қағаздардың эмитенттеріне бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде ол ұсынатын ақпаратты ашып көрсету жөніндегі өз талаптарына толығымен сәйкес келетіндей етіп жүзеге асырылады.
4. Осы-баптың 2 тармағына сәйкес жария болып табылмайтын Биржа және оның қызметі туралы кез келген өзге ақпаратты Биржа жария емес деп жіктейді.
5. Биржа өзі және өз қызметі туралы жария емес ақпараттың сақталуын және қорғалуын осы мақсаттарда, мысалы:
 - 1) Биржа және оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
 - 2) коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсаттамасы бар Биржа жұмыскерлерінің тізбесін анықтау;
 - 3) Биржаның жұмыскерлеріне Биржада еңбек қызметін жүзеге асыру уақытында және олар осы қызметті тоқтатқаннан кейін белгілі бір мерзім ішінде Биржа және оның қызметі туралы жария етілмейтін ақпаратты жарияламау жөнінде міндеттеме жүктеу;
 - 4) егер сұратылатын ақпарат коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын болса, Биржа және оның қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетуге сұрау салуды қанағаттандырудан бас тарту;
 - 5) Биржаның заңнамасына және ішкі құжаттарына сәйкес өзге де шаралар секілді шараларды қолдана отырып қамтамасыз етеді.
6. Биржаның Директорлар кеңесі Биржаның оның ақпараттық саясатына негізгі тәсілдерін, оның ішінде Биржаның ақпаратын ашудың жалпы қағидаттарын, Биржаның ақпаратын ашудың және оның басқа тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылының тәртібі туралы негізгі қағидаларды анықтайтын ішкі құжаттарды бекітеді.

8-тарау. ДИВИДЕНДТЕР

23-бап.

Биржаның дивидендтері

1. Биржаның акциялары бойынша дивидендтер төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның Жарғысында және Биржаның Дивидендтік саясатында анықталған тәртіппен жүзеге асырылады.
2. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен Дивидендтік саясат Биржаның акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелеріне оның негізгі көзқарастарын, сондай-ақ Биржа акционерлеріне дивидендтер төлеудің шарттары мен тәртібін анықтайды.
3. Биржа өзінің операциялық қызметінің нақты және перспективалық жай-күйі және Биржаның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу және төлеу үшін шарттардың болуын немесе болмауын анықтау мақсатында оның нақты және перспективалық қаржылық жай-күйі туралы шынайы және дәлелденетін ақпаратты ғана пайдаланады.
4. Биржаның акционерлерінің мүдделері мен қаржылық тұрақтылығы арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі Биржаның акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына есепті кезеңдегі Биржаның таза кірісін бөлу тәртібі, Биржаның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Биржаның бір жай акциясы үшін есептелген дивиденд мөлшерін бекіту туралы ұсыным енгізбес бұрын кірістіліктің, өтімділіктің және орнықтылықтың түйінді көрсеткіштерін талдай отырып, Биржаның қаржылық нәтижелерін ұдайы бағалайды.

5. Биржаның дивидендтерін төлеу туралы шешімді Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы дауыс беруге қатысатын Биржа дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілігімен қабылдайды.

9-тарау. БАҚЫЛАУ

24-бап.

Биржаның қызметін бақылау

1. Биржаның Директорлар кеңесі өз қалауы бойынша Биржаның кез келген қызметі туралы есепті талап етуге құқылы, ал Басқарма немесе Басқарма Төрағасы оны беруге міндетті.
2. Биржаның қызметін бақылау мақсатында Директорлар кеңесі:
 - 1) өз мүшесіне қандай да бір мәселе бойынша Биржаның қызметін тексеруді жүзеге асыруды тапсыруға;
 - 2) қандай да бір мәселе бойынша Биржаның қызметін тексеру үшін өз мүшелерінің және басқа да тұлғалардың қатарынан уақытша комиссия/жұмыс тобын құруға құқылы.
3. Жұмыскерлер, оның ішінде Басқарма мүшелері осы-баптың 2 тармағына сәйкес Биржаның қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға олардың осындай тексеруді жүзеге асыруына барынша жәрдем көрсетуге және оларды қажетті ақпаратпен, түсініктемелермен және түсіндірмелермен қамтамасыз етуге міндетті.
4. Осы-баптың 1 және 2 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылатын Биржаның қызметін кез келген тексеру:
 - 1) қолданылатын заңнаманы, Биржаның ішкі құжаттарын, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы мен Биржаның Директорлар кеңесінің шешімдерін, Биржаның шарттық және біржақты міндеттемелерін бұзумен түйіндеспейтіндей;
 - 2) Биржаның операциялық қызметіне кедергі келтірмейтіндей және өзімен бірге және/немесе оның қаржылық жай-күйіне залал келтірмейтіндей;
 - 3) Биржаның іскерлік және қоғамдық беделіне нұқсан келтіруге жол бермейтіндей;
 - 4) Басқарманың және Басқарма Төрағасының оны басқару жөніндегі құзыретін бұзбайтындай;
 - 5) бұл тексерудің негізсіз созылуына жол бермейтіндей болып жүзеге асырылуы тиіс.
5. Биржа бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастырушы болып табылатындықтан және Биржаның ресми тізіміне енгізілетін және осы тізімдегі бағалы қағаздар эмитенттеріне аудит жөніндегі талаптарды ұсынатындықтан, Биржаның өзінің аудитін аудиторлық ұйымды іріктеуді жүзеге асыру кезінде Биржа мәлімдеген талаптарға сәйкес келетін аудиторлық ұйымдар ғана жүргізуі тиіс.

25-бап.

Биржаның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін ұйымдастыру

1. Биржа акционерлердің, клиенттердің және басқа да мүдделі тараптардың мүдделерін қорғау мақсатында Биржа тап болатын барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторингтеу және бақылау процестерін қамтитын тәуекелдерді басқарудың тиімді және барабар жүйесін қалыптастыруды және қолдауды қамтамасыз етеді.
2. Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

3. Директорлар кеңесі, Басқарма, Биржаның өзге де органдары мен құрылымдық бөлімшелері өз қызметін жүзеге асыруда тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.
4. Директорлар кеңесі Биржаның тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде тәуелсіз және білікті бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Ішкі аудит комитетінің қызметі арқылы осы функцияларды іске асыра отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін, заңнаманың сақталуын қадағалауды жүзеге асырады.
5. Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін тәуелсіз және объективті бағалауды жүзеге асырады және кері байланысты және тәуекелдерді басқару жүйесін ұдайы жақсартуға жәрдемдесуді қамтамасыз ете отырып, осындай бағалаудың нәтижелерін Директорлар кеңесіне ұсынады.

26-бап.

Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру

1. Директорлар кеңесі акционерлердің мүдделерін қорғауға және Биржа активтерінің сақталуына бағытталған ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
2. Биржа:
 - 1) қызметтің операциялық және қаржылық тиімділігіне қол жеткізуді;
 - 2) қаржылық және басқарушылық есептіліктің дұрыстығын, толықтығын және уақтылығын;
 - 3) Биржаның ішкі бақылау жүйесін қалыптастыратын органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің құзыретінің аражігін ажыратуды;
 - 4) Комплаенс-қызметтің және Ішкі аудит қызметінің болуын, ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау үшін көп жағдайда тәуелсіз директорлардың қатысуымен Ішкі аудит жөніндегі комитетті құруды;
 - 5) Комплаенс-қызмет пен Ішкі аудит қызметінің Биржа Басқармасынан тәуелсіздігі қағидатын қамтамасыз етуді;
 - 6) сыртқы және ішкі аудиттің өзара іс-қимылын қамтамасыз етуді;
 - 7) Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі бақылау саласындағы стандарттардың талаптарын сақтауды қамтитын ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыруға және қолдауға бейім.
3. Биржа басқарудың және операциялық қызметтің барлық деңгейлерінде күнделікті ішкі бақылау арқылы ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ұмтылады. Күн сайынғы ішкі бақылауды жүргізу жауапкершілігі Биржаның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.
4. Ішкі бақылау жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін тәуелсіз және объективті бағалауды Ішкі аудит қызметі де, сыртқы аудиторлар да бақылау жүйесінің ашықтығын, сенімділігін және ұдайы жетілдірілуін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

27-бап.

Комплаенс-қызмет

1. Комплаенс-қызмет – Биржаның қызметінің бұзушылықтарды болдырмау, комплаенс-тәуекелдерді барынша азайту, бақылау және олардың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасының, Биржаның қызметтер көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін реттейтін ішкі құжаттардың, сондай-ақ Биржаның қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін комплаенс бақылауды және ішкі бақылауды ұйымдастыруды жүзеге асыратын Биржаның құрылымдық бөлімшесі.
2. Комплаенс-қызмет Биржаның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді.

3. Комплаенс-қызметтің міндеттері мен функциялары Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталады.
4. Комплаенс-қызмет жұмыскерлерін тағайындау тәртібі, Комплаенс-қызметтің құрылымы мен құрамы, оның жұмыскерлеріне қойылатын талаптар Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарында анықталған.

28-бап. Ішкі аудит қызметі

1. Ішкі аудит қызметі – Биржаның тәуекелді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігін тәуелсіз және объективті бағалауды тәуекелге бағдарланған негізде жүзеге асыратын, оларды жетілдіру жөнінде ұсынымдар беретін Биржаның құрылымдық бөлімшесі.
2. Ішкі аудит қызметі Биржаның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және есеп береді.
3. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Биржаның ішкі құжаттарымен және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталады.
4. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерін тағайындау тәртібі, Ішкі аудит қызметінің құрылымы мен құрамы, оның жұмыскерлеріне қойылатын талаптар Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттарында анықталған.

29-бап. Корпоративтік қатынастардағы жанжалдарды реттеу

1. Биржаның корпоративтік басқаруындағы дауларды реттеу корпоративтік қатынастарға қатысушылар арасындағы келіспеушіліктердің алдын алуға немесе оларды шешуге көмектесетін тиімді және ашық тетіктер құруға бағытталуы тиіс.
2. Корпоративтік қатынастарда қақтығыс (бұдан әрі – корпоративтік қақтығыс) туындаған кезде Биржа оны мұндай реттеу:
 - 1) қолданылатын заңнамаға, Биржа Жарғысына, оның ішкі құжаттарына, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының және Биржа Директорлар кеңесінің шешімдеріне, іскерлік айналым дәстүрлеріне, іскерлік этикаға, логикаға және дұрыс мағынаға негізделген;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Биржа Жарғысын, оның ішкі құжаттарын, акционерлердің жалпы жиналысы мен Биржа Директорлар кеңесінің шешімдерін, іскерлік айналым дәстүрлерін, іскерлік этиканы, логиканы және салауатты ойды бұзумен түйіндеспейтіндей;
 - 3) Биржаның операциялық қызметіне кедергі келтірмесе және оның қаржылық жай-күйіне нұқсан келтірмейтіндей;
 - 4) Биржаның іскерлік және қоғамдық беделіне нұқсан келтірмейтіндей;
 - 5) корпоративтік жанжалдың барлық қатысушыларының мүдделерін барынша ескеретіндей етіп реттеуге тырысады.
3. Корпоративтік қатынастарға қатысушылар корпоративтік жанжалдың осы-баптың 4-7 тармақтарына сәйкес келіссөздер жолымен реттелуіне және мұндай реттеу мүмкін болмаған жағдайда ғана соттың қарауына ұмтылуға тиіс.
4. Корпоративтік қақтығысқа қатысушылар келіссөздер арқылы оны реттеуге келіскен кезде осы қақтығыс оған қатысушылардың деңгейіне, оның сипатына және ықтимал мүдделер қақтығыстарының болуына қарай Биржа Басқармасының Төрағасы, Биржа Басқармасы, Биржаның Директорлар кеңесі немесе Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы реттеуге тиіс (осы-баптың 6 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), ал мұндай реттеу нәтижесіз болған немесе осындай реттеу барысында мүдделер қақтығысы анықталған кезде реттеу үшін Биржаның жоғары тұрған органына беріледі.

5. Биржаның Директорлар кеңесінің қарауындағы корпоративтік жанжалды реттеу мақсатында ол Директорлар кеңесі мүшелерінің және басқа да тұлғалардың арасынан әдетте Биржаның тәуелсіз директоры басқаратын тұрақты немесе уақытша комиссия құруға құқылы.
6. Биржа Басқармасының Төрағасы, Биржа Басқармасы, Биржаның Директорлар кеңесі немесе Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы өзінің қарауындағы корпоративтік жанжалды қарай отырып, объективті болуға, осы-баптың 2 тармағында жазылған қағидаттарды ұстануға және осы жанжалды реттеудің жаңа корпоративтік жанжал туғызбауына ұмтылуға міндетті.
7. Биржаның Басқарма Төрағасы, Биржаның Басқармасы, Биржаның Директорлар кеңесі, әдетте, егер ол осы қақтығыстың мәнін толық түсінбесе және оны реттеу қабілетін сезінбесе, Биржаның акционерлері арасындағы корпоративтік қақтығысты реттеуден тартынуға тиіс.
8. Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесі мүшесінің мүдделері мен Биржаның мүдделері арасында жанжалдың туындауына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы ықтимал іс-әрекеттерден қалыс қалады.
9. Директорлар кеңесінің мүшесі мүдделер қақтығысы бар мәселелер бойынша дауыс беруге, шешімдер қабылдауға қатыспайды. Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысын өткізу кезінде мүдделер қақтығысының болу фактісінің өзін де, оның туындау негіздерін де көзбе-көз немесе сырттай дауыс беру нысанында шешім қабылдау кезінде тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ашады.
10. Директорлар кеңесі лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі әлеуетті мүдделер қақтығыстарын, оның ішінде мүдделілік бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалануды қадағалайды және мүмкіндігінше жояды.
11. Мүдделер қақтығысын басқару процедуралары Директорлар кеңесі бекітетін Биржаның ішкі құжатымен регламенттеледі.

10-тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

30-бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Кодекстің қағидалары Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржа Жарғысына қайшы келмейтін шектерде қолданылады.
2. Осы Кодекстің қағидаларын Биржаның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері орындауға міндетті.
3. Осы Кодекс қажеттілігіне қарай өзектендірілуге тиіс. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгерістер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін үш жылда кемінде бір рет өзектілендіру қажеттілігіне қайта қаралуға тиіс.

Басқарма Төрағасы

А. Мухамеджанов